

САРАҢДЫҚ СИММЕТРИЯСЫ



БАЙ-БАҒАЛАН ЗӘУЛІМ САРАЙЫНА

36 млн теңге салық төлемеген

(Алматы қаласы Мәдениет және спорт басқармасы)



Салықты уақытында төлейміз!

Францияда жылына
1 миллион еуродан
жоғары табыс тапқан адам
75 пайыз салық төлейді.

САЛЫҚ АНЫҚ БОЛСА...

Бүгінгі күні еліміз үшін ең маңызды мәселенің бірі – бюджет тапшылығы. Әлемдік нарықта шикізат бағасы құлдырағанда, бюджеттің бүйірін қампайту оңайға соқпайды. Бірақ ұлттық қордағы қаржыны жұмсай бермей, табыс табудың басқа жолын қарастырған жөн.

Бюджеттің басым бөлігі салықтан құралу керек. Қазіргі таңда мұнай бағасы мен еліміз экспортқа шығаратын барлық дерлік тауардың құны төмендеп кетті. Ерте ме, кеш пе, осы мәселені шешуді

қалайда қолға алмаса болмайды. Ол үшін салық саясатын өзгертуіміз керек. Өте жоғары табыс табатындар сәйкесінше салық төлеуі тиіс. Ал айлығы шайлығына әрең жетіп жүргендерге салық аз

салынуы керек. Тіпті салықтан босату мүмкіндігін қарастыруға болады. Орташа табыс табатындар 5 пайыз салық төлесе, қалталылар қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін түсініп, табысынан 40 пайыз салық төлеу керек. Мәселен, елімізде мүлктің заңдастыру кезінде 4,1 триллион теңге қаржы түскен. Бір есепшоттағы орташа сома – 347 миллион теңге. Бұл ақшаны бай-бақаттылар көбіне заңсыз жолмен тапты.

(Жалғасы 3-бетте)

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

«ҚАРА БОЯУ КЕТПЕЙДІ»



Темір қақпақ пен шәуімдей шойын құлып шарқ-шұрқ ете түсті. Қап-қараңғы терең ұрада жатқан мен елеңдеп басымды көтеріп алдым. Жүрегім де әлдене бір шойын-темірге соғылып, шақылдап кеткендей болды. Тұла бойымды түршіктірген қатер мен күдіктің мұздай суық желі сумаң қақты.

Заңды түрмеде жатқан адамдар мұндай тосын құбылысқа кезіккенде елеңдесе де, жүрегіне мұз ине шаншылғандай болмай, үмітпен елеңдеп, жылы самал тигендей бір сезімге келетін. Босатып жіберер ме, иә, далада жұмыс істетер ме екен дегендей жақсылық күтетін. Ал менде ондай үміт сезімі мүлде жоқ еді.

(Толығырақ 7-бетте)



2

ИТ ҮРЕДІ,
КЕРУЕН
КӨШЕДІ

GLOBAL MEDIA:
EXPO – ӘЛЕМГЕ
КЕРЕК

5

ЖҮЙЕГЕ
КӨШУГЕ
ДАЙЫН

6

ЖЫЛҚЫНЫ
АСЫЛДАНДЫРУ
КЕНЖЕЛЕП ТҰР

8

on the web
JASQAZAQ.KZ



SKYTRAX
2012-2017
ЖЕҢІМПАЗЫ

6 жыл қатарынан Орта Азия және Үндістанның
үздік әуекомпаниясы

airastana.com

air astana



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
45,27



DOLLAR
327,9




EURO
367



РУБЛЬ
5,51

ТАҒЫМ

Ұстазымыз



Қатаң талапшыл, әділ, турашыл, қағытпа сөзге шебер, қатқылдау мінезді ұстазымыз Темкең бір сөзді шәкірттерін, олардың арасынан Үмбекеңді, Үмбетбай Уайдинді ерекше жақсы көретін, азаматтық адалдығын, әділдігін, іскерлігін бағалайтын. Үмбекең екеуімізді жолықтырған сайын:

– Е, Штепсель мен Тарапунькаға ұқсап, екеуің қайда кетіп барасыңдар? – деп шын мейірлене күлетін.
...Өткен шақта сөйлеудің ауырын-ай!.

(Толығырақ 9-бетте)

БИЛІК

Қазақстанның табиғи байлық қоры 32 млрд тоннаға пара-пар. Шетел инвесторларының отырысында ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі табиғи байлықтардың жалпы қорын жариялап, инвесторларды өз ақшаларын ел экономикасына көптеп салуға үндеді. Бұл туралы «ҚазАқпарат» хабарлады.

Нұрсұлтан Назарбаев бүгінде біздің мұнай, газ, көмір мен уран сияқты табиғи байлықтардың ірі қорына ие болып отырғанымызды айтты. Оның жалпы қоры мұнай эквивалентімен санағанда 32 млрд тоннаға бағаланған. Ол барлық әлемдік ресурстардың 4 процентіне тең. Сондықтан шетел инвестицияларын алдымен осы салаларға құйылғаны дұрыс деген ой айтты. Мемлекет басшысының айтуынша, табиғи байлықтардың ірі қорына қарамастан, Қазақстан өз экономикасын барынша әр тараптандыруға тырысып келеді. Осылайша, шикізат ресурстарына тәуелділіктен арылуға ұмтылудамыз. Мемлекет басшысы «Қазақстан ТМД елдер ішінде бірінші болып «жасыл» экономикаға көшудің нақты шараларын қолға алды. 2007 жылы экологиялық кодекс қабылданса, 2009 жылы баламалы энергетиканы қолдауға арналған заңнама бекітілді. Ал 2013 жылы «жасыл» энергетикаға көшудің тұжырымдамасы рәсімделді. Қазақстан үшін энергия өндірудің аралас жүйесі жақсарып келеді. Ол дегеніміз — дәстүрлі энергетиканы дамыта отырып,



ТАБИҒИ БАЙЛЫҚТЫҢ ҚОРЫ КӨП

баламалы қуат көздерін хал-қадірінше нығайту. Негізі елімізде баламалы энергияны көптеп өндіруге болады. Мәселен, желден жылына 920 млрд кВт/сағ., судан 62 млрд кВт/сағ., ал күннен 2,5 млрд кВт/сағат энергияны шығаруға мүмкіндік бар», — деп атап көрсетті.

Айта кетейік, отырыс барысында инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру бойынша есеп

берді. Оның айтуынша, аталған орталық келесі жылдан бастап толыққанды жұмыс істей бастайды. GE Oil & Gas басшысы Лоренцо Симонелли Қазақстанда индустриалдық интернетті кеңінен дамытуды ұсынды. Ал Еуропалық қайта құру және даму банкінің басшысы Байқонырдың жанында жаңа күн электр стансасының салынатынын мәлімдеді.

(Өз тілішіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

1,6

млн теңге. Головкин -Альварес арасындағы жекпе-жекке сатылатын ең қымбат билеттің құны

25

мың. ҰБТ-ның алғашқы күні түлектерден тыйым салынған зат табылды

116

Алматы тұрғыны 6 жылда осынша рет несие алған

Қасым-Жомарт Тоқаев, Сенат төрағасы:

«Төтенше жағдайдың салдарынан көптеген азаматымыздан айырылып қалдық. Азаматтық қорғаныс қызметі қанша тырысса да, өткен жылдың өзінде 1600 адам көз жұмыпты. Үкімет пен әкімдікке төтенше жағдайдың алдын алу бойынша жұмысқа бөлінетін қаржыны қайта қарау керек. Жалпы азаматтық қорғаныс саласына ақшаны дұрыстап бөлу қажет. Әлі күнге дейін еліміз бойынша қараусыз қалған 60 гидротехникалық қондырғы бар. Соның кесірінен қанша апаттық оқиға тіркелді. Топан суға төтеп беру үшін жасалатын шараға әкімдіктің жауапкершілігін арттыруымыз тиіс».



1+2

Қалмұханбет ҚАСЫМОВ, ішкі істер министрі:

«Аудан орталығынан алшақ орналасқан ауылдарымыз өрттен өте төмен деңгейде қорғалған. Кейбір жерде өртке қарсы қызмет мекемесінің бөлімшесі ашылмаған. Ал оны құру жергілікті әкімдікке жүктеледі. Бүгінде 485 өлді мекенде бар небәрі 146 өрт сөндіру бекеті бар. Сондай 5 мың ауылға 500 өрт сөндіру бекетін ашу керек. Бүгінде 2660 өрт



сөндіру көлігі бар. Оның 40 пайызы 1970-1990 жылдар аралығында жасалған. Ал өрт сөндірушінің ең төменгі айлығы – 52 мың теңге»

Әлеумет.т⁰



Елдегі Есенбай екі баласы ер жеткен соң бір жөндем баспана тұрғызуды жөн көрген. Бұрын шиегетей балаларынан қолғабыс болмаған соң қауметі жетпей жүр еді. Қарағайдан қиып салды. Қабығын сыпырып тастаса, қарқарадай болып жарқырап, тай шаптырым жерден көз тартып тұрады екен. Қақырайтып шатырын жапты. Оюлап-өрнектеп терезесін салды. Бұл елдің босағасына бітпеген емен есікті Қызылжардан алдырды. Сөйтіп, алақандай ауылдағы төре түсетін шаңыраққа айналды.

Ешкімге өкпе жоқ. Бұрынғылар «ит үреді, керуен көшеді» деуші еді, біреулердің бірдене бықсытқанынан ештеңем кете қоймас, тауба.

«Жөн» деп ойладым мен. Өзін-өзі тұқыртқаннан, өзін-өзі кеміткеннен кім қай ұшпаққа шықпақ. Бірақ сонда да іштей қынжыласын да.

— Мен түгілі, — деді Есенбай, — Астанадағы ЭКСПО көрмесін бір шетелдік журналист сынап жазғаны сол екен, әлеуметтік желі ұлардай шулап жатыр. Бірінен бірі асырып, құтты жамандауды жауапкершілігіне

ИТ ҮРЕДІ, КЕРУЕН КӨШЕДІ немесе ПӘТУАСЫЗ ПЕНДЕШІЛІК

Өткенде көршісі Хамит кездескен. — Естілді бе? — деп бастады әңгімесін, — әлгі Есенбай биыл еңтігіп жүріп, үй салып алды ғой. Құдалары мықты деуші еді, сол өзі қарызға салды-ау деймін. Сырымбет жағынан қарасаң, қисық болып көрінеді. Өзінің ағашын да дұрыс шапқан жоқ, бөренелерінің құлақтары ешкінің мүйізі құсап едірейіп тұр.

Мән берген жоқпыз. Біткен іске сыншы көп. Кейін таксист Фазылбай кездескен. Оның да әңгімесі Есенбайдың елдегі үйі. Ескісі емес, жаңасы. Есенбайдың жаңа үйі салғаны жанына батқандай құстаналауы көп.

— Асар жасады ма, қолғабысыңды берген шығарсың? — деп сұрадым мен.

— Қайдағы, күні-түні шапқында жүрген жоқпын ба? Мен көмектескенде жұтындырып жіберер едім, — деп тістеді Фазылбай, — есігін оң қабырғадан салыпты. Мен үй салсам, өзенге қаратып, сол жағынан салар едім.

Биыл елдегі әңгіменің дені Есенбайдың ескі үйін тастап, жаңа үйге көшуі болып тұр. Көмектескенді айтасыз, құптаған, қостанған біреуі жоқ. Түнеугіні Есенбайды көрдім. Әңгімені өзі бастады. Ренішін айтатын шығар деп едім, тіс жармады. Содан соң өзім бастадым.

— Ештеңе етпейді, — деді ол, — қазақтың біртүрлі мінезі ғой.

алған адамша. Оған қарағанда, біздікі не тәйірі. Бірінен бірі естіп, жерден жеті қоян тауып алғандай сүйінші сұрағанша, жаһанға жар салып, жақсылығын айтса қайтер еді. Біз кішкентай адамбыз. Шаруаңыз да кішкентай. Бірақ сонда да әңгімесі үлкен болып тұр.

Есенбайдың пейіліне разы болдым. Талпынып тіршілік істеймін деп бәрі болмағанмен кейбір іші тар, ниеті өзге ауылдастарының өжуасына айналғанына мойып отырған жоқ. Қайта үй салғаннан қалған материалдарымды далада қалдырмай, қора-қопсы салып аламын деп ниеттенуде.

Ал жұрттың жел сөзі жігерін жасыта алмаған. Астарын да іздеп тауыпты. Пендешілік. Кәдімгі өз қолынан ештеңе келмесе де, ауылдастың алға басқан шаруасын көре алмайтын, тілегі жаман пенденің тірлігі де.

Мойыған жоқ, мойымайды да. Тек өзін өжуа еткендерге емес, көрме туралы жазған тілшінің сөзін кеулетіп әкеткендерге өкпелі. Маған әлеуметтік желілердің жетегін ұстап отырғандардан гөрі елдегі Есенбайдың есі дұрыс болып көрінді.

Байқал БАЙӘДІЛОВ



Еліміздің солтүстік өңіріне 88 отбасы қоныстанды. Ал 1279 отбасы солтүстікке көшуге дайын. Бұл туралы еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова мәлім етті.

КӨШІҢДІ ТҮЗЕ ТЕРІСКЕЙГЕ

Ол «Еңбек ресурсын қалыптастыруда жаңа бағыттар жүзеге асады. Ішкі көші-қонды жүзеге асыратын 4 аймақ анықталған. Биылғы сәуір-мамыр айларында аймақтық жәрмеңке ОҚО мен



Манғыстау облысында ұйымдастырылды. 949 отбасы ұсынылған жұмыс орны бойынша солтүстікке көшуге дайын отыр» — деді.

Сәуір-мамыр айында 5,5 млн адамды қамтыған сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде 320 мың тіркелмеген жұмыссыздар, 1 миллионға жуық тиімсіз жұмыспен қамтылған азаматтар анықталған.

Жүргізілген сауалнама мемлекеттік бағдарламаға қатыса алатын, міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты азаматтарды да анықтап берді.

Алдағы уақытта е-halyk ақпараттық жүйесі енгізілетін болады. Бұл ауылдық округ әкімдерінің іскерлік кітаптардың электронды нұсқасы.

Ол санақ пен ауылдық жерлерге бөлінген бюджеттік қаржыны есептейді. Биыл бұл жүйе пилоттық режимде Атырау, Ақтөбе, Манғыстау облыстарында, келесі жылы барлық аймақтарға енетін болады.

7 сөз

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай жасалған рақымшылық тоқтатылды

Сөз-Жебе

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

«Балалардың планшетка, айпаққа қолжетімділігі айналасында сұрақ көп. Кішкентай кезінен кітап оқудың орнына планшет қарайды. Ал жас ата-ана бала мазасын алмаса болды деген ойда жүреді. Қолына ұстатып қояды. Таңнан кешке дейін планшетка телміріп отырады. Ал бес жасқа келгенде көзі нашарлайды. Тағы басқа мәселеге ұрынады. Ал ертен денсаулық сақтау министрлігі «Бізге тыйым салатын норма жоқ» — дейді де қоя салады»



— Журналистерді баспа-намен қамтамасыз ету мәселесі қалай шешіlmек?



Сауалы

Аптаңның

Жауабы

Дәурен АБАЕВ, ақпарат және коммуникация министрі:

«Журналистерге үй беру мәселесінде біз қолымыздан келгенін жасаймыз, көмектесеміз. Бірақ бір нәрсені түсінуіміз керек. Журналистер бюджеттік мекеме қызметкері қатарына жатпайды. Мәселен, жекеменшік басылымда жұмыс істеп, жоғары жалақы алу мүмкіндігі бар. Дегенмен, біз арнайы жұмыс істеп жатырмыз. БАҚ өкілдерінің 90 пайызы жекеменшік саналады. Ал олар жекеменшік болғандықтан, мемлекет



көмек бере алмай отыр. Біз мемлекет тарапынан тапсырыс беріп, сол арқылы жекеменшік БАҚ-ты жаңа деңгейге көтеруге көмектесе аламыз»



Елжан БІРТАНОВ,
денсаулық сақтау министрі:

«Облыс деңгейінде көп профильді аурухана бар. Соған перзентхана, онкология, жұқпалы аурудың барлығын қосып, бір аурухана ретінде дамытуымыз керек. Біздің ойымызша, бұндай норматив келешекте медициналық көмектің сапасын көтереді. Болашақта салынатын ауруханаларды көпсалалы етіп, қазіргі емханаларды жеделдетіп біріктіру керек»

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Премьер-министр:

«Қаланың екі басындағы емхананы біріктіріп, жергілікті тұрғындарға көпсалалы аурухана іздетіп, қала кездіріп қоймайық. Бұйрық түсіп, асығыс біріктіру басталғанда дәл солай болады»



QOŴAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Мәселе

(Басы 1-бетте)

Зандастыру кезінде мемлекет тарапынан жасалған жеңілдіктің көмегімен қаржысын салық төлеместен зандастырды. Осы орайда байлар бұл ақшасын қымбат көлік, зәулім сарай, қымбат тон мен тауһар тасқа шашпай, еліміздің дамуына жұмсауы қажет деп ойлаймын. Иә, 4,1 триллион теңге — өте көп ақша. Бұл қаржыны 11 800 адам ғана зандастырған. Олардың тығулы жатқан қаржысын зандастыру үшін еліміз бар мүмкіндікті жасалды. Ал көптеген елде мұндай табыс табатындарға салық салып, зауыт аштырып, «ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін үлес қосындар» дегендей талап қойылады. Бізде кейбір қалталылар ақшасы бола тұра, оңды-солды шашып ысырап етіп жатады. Естеріңізде болса, қаржы полициясының басшысын тұтқындаған кезде, оның үйінен 20 қымбат көлік, 50-ге жуық қымбат тон мен миллиондаған теңгенің алтын бұйымы табылған еді. Міне, сол үшін мемлекет қалталылардың ақшасын мактану үшін емес, елдің нақты қажеттілігіне пайдалану үшін бағыт-бағдар бергені дұрыс болар еді.

Сондықтан біз салық төлеу жүйесіне өзгеріс енгізуге талпынуымыз қажет. Президент «Дамыған 30 елдің қатарына енеміз» дегенді үнемі айтып келеді. Сол 30 елдің тәжірибесіне үніліп көрейікші. Барлығында дерлік салық өзгермелі. Табысына қарай салығы да өсіп отырады. Мәселен, Францияда жылына 1 миллион еуроан жоғары табыс тапқан адам 75 пайыз салық төлейді. Сондай-ақ дамыған елдерде кәсіпкер қайырымдылық көмек көрсетсе, олардың салығы да соған сай азайып, жеңілдік жасалады. Сондықтан, ол елдерде көптеген адам қайырымдылық көмек беруге тырысады. Бізде ондай жеңілдік қарастырылмаған. Бұл кәсіпкердің қайырымдылық көмек жасауына тежеу болады. Оларды ынталандырып, халыққа жағдай жасауға

САЛЫҚ АНЫҚ БОЛСА...



Бүгінде еліміздегі орташа жалақы — 150 мың теңге. Егер осы көрсеткіштен 10 пайыз артық айлық алатын болса, ол адам «байдың қатарында тұр» деген сөз. Мәселен, квазимемлекеттік сектордағы субъектілердің басқарушы директорлары жылына 60-70, тіпті 100 миллион теңгеге дейін бонус алады. Ал сол табысының 10 пайызы ғана мемлекетке түседі. Сонда 150 мың теңге алатын адамнан да, әлгі 1,5 млн теңге алатын азаматтан да 10 пайыз салық алынады. Бұл әділетті емес. Бізде қалталы азаматтар жетерлік. Оны былайғы жұрт білмеуі де мүмкін. Тек салық мекемелері ғана біледі. Бірақ олар «20 миллион табыс тапқан адам да, 20 мың теңге айлық алған адам да бірдей 10 пайыз төлей берсін» дегенді құптап отыр. Біз мұнымен келіспейміз! Елімізде 6 пайызға жуық отандасымыз өте бай адамның тізімінде. Ал орташа табыс табатындар — 10-15 пайыз. Қалғаны кедейдің санатында.

итермелеуіміз керек. Сондықтан, Салық кодексінде адам қайырымдылықпен айналысса, оған белгілі бір мөлшерде жеңілдік қарастырылуы тиіс.

Біздің елдегі тағы бір мәселе, көптеген дәулетті жандар немесе бизнесте жүргендер салықтан жалтарудың жолын қарастыруға құмар. Демек, салық төлеу мәдениеті қалыптаспаған. Кейбіреуі тамыр-таныстыққа үйреніп қалғаны сондай, уақытылы салық та төлемейді. Айыппұл төлеу кезінде де осындай жайт орын алып жатады. Шенеуніктің ұлы қордаланған қомақты айыппұлдың келісу арқылы өз атынан алдырып тастайды. Кейбір адвокаттар заңымыздың осал тұсын пайдаланып, айыппұл төлетпей, құтылып кетіп жүр. Ондай қызмет көрсететінін кейбір сайттарда адвокаттар ашықтан ашық жарнамалауда. Сондықтан да кейбіреулер 2-3 жыл айыппұл

мын теңгеге сатылды деп тұруы мүмкін.

Шындығында, тауардың құны — 100 мың доллар. Сондықтан мәміле атаулыны аударым арқылы жүзеге асқанын зандастырмаса болмайды.

Айқын ҚОҢЫРОВ,
Мәжіліс депутаты



Құрық

«Қасқырға қой бақтыру» деген осындай-ақ болар. Батыс Қазақстан облысының Қазталов ауданында полиция заңсыз киік аулаумен айналысқан 5 адамды құрықтады. Сол топтың құрамында «Охотзоопром» мекемесінің бас инспекторы болуы мүмкін деген күмән бар. Бұл жайында БҚО Ішкі істер департаменті тергеу басқармасы тергеу бөлімінің бастығы Махамбет Темірбаев мәлімдеді.



Жедел іздестіру Қазталов және оған көршілес бірнеше ауданда қатар өткізіліпті. Қазталов ауылының өзінде 15 нысан тінтілген. «Браконьерлер бұлтартпас айғақтармен ұсталды», — дейді полиция қызметкерлері. Тінту кезінде 272 дана киік мүйізі табылып, бес мылтық, 1 газды тапанша, 134 дана

оқ-дәрі тәркіленген. Браконьерлердің арсеналынан бірнеше дүрбі, аншы пышағының неше түрі, жүзіне қан қатқан ара, 18 ұялы телефон, бірнеше автокөліктің нөмірі табылды. «Тойота ланд крузер-100» көлігінен үшеу, «Мицубиси монтеро спорт» және «Рено дастер» теміркөлігі, 1 млн 120 мың теңге ақша тәркіленді. Жедел іздестіру кезінде «Ақболот» қыстауының маңынан атылып, мүйізі кесілген 3 киіктің өлекесі табылған. Әзірге белгілісі, топ құрамында 5 адамның болғаны. Оның екеуі Қазталовтағы уақытша ұстау изоляторына қамалған. Басқа да құдіктілердің қылмысқа қатысы тексерілуде. Айта кетейік, Ақтөбе мен Торғай даласындағы быттырғы қырғыннан кейін елімізде ақбөкен саны күрт азайып кетті.



тиіс тәртіп сақшыларының өздері де онай олжаға кетері емес көрінеді. Ақбөкеннің көз жасы ешкімді жібермес.

АҚБӨКЕННІҢ КӨЗ ЖАСЫ

Аудандық бөлім басшысы:

Ұстаздар өз еркімен барған екен, Директормен туыстығы болған екен.



Бұл қай елдің картобы?

«Жас қазақ» жазып еді

Кеңес одағы кезінде саяси айыппен қудаланғандарды ақтау керек. КСРО құлдырап, Тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл толса да, 58–59-бап бойынша айыпты болғандар әлі ақталмай отыр. Алматыда бір топ тарихшы бас қосып, осындай бастама көтерді. Олар Президентке, парламентке қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтап алу бойынша хат жолдамақ. Хаттың толық нұсқасы «Жас қазақ» газетінің алдағы санында жарық көреді.



«БӘРІ АҚТАЛСЫН!»

Шокан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында өткен алқалы жиынға академик, «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының төрағасы Хангелді Әбжанов, тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Мәмбет Койтегдиев, институттың бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты Қайдар Алдахұманов, тарих ғылымдарының кандидаты Бейбіт Қойшыбай бастаған бір топ тарихшы-ғалым қатысты.

Тарихшылар 1993 жылы 14 сәуірде бекітілген «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңға өзгеріс енгізу керек деп отыр. Негізінде, бұл бастама «Жас қазақ» газеті мен Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының бірлесіп өткізген жиынында (№21 «Тектілерден айырылды» немесе 59-батпен жазаланғандар қашан ақталады?) көтерілген болатын.

Қаржы

Жекешелендірудің мақсаты – экономикалық тығырыққа тірелген сәтте жекеменшік мекемелерге бизнесін дамытуға серпін беру. Жекешелендіру жүйесіндегі негізгі қызмет қаламыздағы қаржылай қиындыққа тап болған зауыт-фабрикалардың, ірі кәсіпорындардың қызметкерлерін, жұмыс орнын сақтай отырып, инвестор тарту. Кәсіпорынның жұмысын қайта жандандыру.

«Тиімді бизнес көзі» деп жекеменшік кәсіпті

айтуға болады. Тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік мекемеге қарағанда, жекеменшік бизнестің дамуы қарқынды. Осы тұста жекеменшікке берілетін кәсіпорын қалай анықталады деген сұрақ туындауы мүмкін.

Елбасы Жарлығына сәйкес, «Иелікке берілмейтін нысанның тізімі туралы» Жарлығы және «Бәсекелестік туралы» заңда көзделген «YellowPages»

«Сары беттер» қағидасы негізге алынды. Бұл халықаралық тәжірибеде АҚШ, Сингапур, Норвегия тағы да

Жекешелендірудің кешенді бағдарламасы 2014 жылдың қаңтар айының ортасында қабылданған болатын. Елбасы Жолдауында мемлекеттің қатысуы бар барлық компанияға талдау жүргізуді және жекешелендіруге жататын кәсіпорындар тізімін анықтауды тапсырды. Қазіргі таңда Алматы қаласы әкімдігінің тікелей қатысуымен бәсекелестік ортадағы коммуналдық мекемелерді жекешелендіруге қатысты қызметтің сапасы жоғарылауда. Осы орайда кәсіпкерлікті дамытуға жаңа технология енгізіліп, қаржы басқармасы тиімді қызмет қарастыруда.

қойылмақ. Азаматтық және Енбек кодексінде түйткілді мәселелер арнайы нормамен қарастырылған. Мысалы, меншік иелері алмасқан жағдайда жұмыс орындары сақталады.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАРЫСЫ БАҒАМДАЛДЫ



басқа дамыған елдерде қолданылады. Қазіргі таңда жекешелендіру ашық түрде өтеді. Өз саласын дамытуға арнайы жоспары бар кәсіпкер, тіпті жеке тұлға болсын мемлекеттік сатып алуға қатыса алады.

Жекешелендіру электрондық түрде аукцион, тендер арқылы жүзеге асырылады. Кейбір нысан бір емес, бірнеше рет сатылымға қойылуы мүмкін. Бастапқыда баға жоғары болса, екінші рет сатылымға қойылғанда бағасы 50 пайызға арзан болады. Ал үшінші рет сатылымға қойылған кезде бағасы тағы да біршама төмен көрсеткішпен сатылады.

2016-2020 жылдарға арналған бірыңғай жекешелендіру жоспарын жүзеге асыруға Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылға жоспарлаған кестесі жасалды. Жекешелендіру науканы биыл жаңа қарқынмен жалғасады. 2017 жылы Алматы қаласы бойынша 15 ірі нысан саудаға

Жұмыстан шығару және енбек шартын өзгертуге заң бойынша тыйым салынады. Ірі кәсіпорындарды саудаға шығармас бұрын, әлеуметтік шарттың орындалуы басты назарға алынады.

Алматы қаласы қаржы басқармасының 2017 жылдың 6 маусымына дейінгі қорытындысы бойынша, 2 кәсіпорын (қалалық стоматологиялық емхана, Р.Гиззет атындағы №2 балалар музыка мектебі) тендер бойынша сатылымға түсті. Ал 3 кәсіпорын алдын ала сатылымға қойылды. Аукцион электрондық түрде өтеді. Адам факторының қатысуынсыз. Бұл түрлі келенсіздіктің алдын алады. Алматыда сатылатын, жекенің қолына өтетін мекемелер қалалық әкімдік пен министрліктің келісімі арқылы анықталады.

Айнұр ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
Алматы қаласы қаржы басқармасының басшысы

Пікір-сайыс

Дебат-шоудың басты мақсаты – мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру, жастар арасында патриотизм ұғымын насихаттай отырып, олардың өз ойын еркін

«Білімді жастар – ел болашағы», «Еліміздің болашағы- жастардың қолында» – деп дана халқымыз айтқандай, жастарымыз әрдайым ел алдында, халық назарында. Олардан күтілетін үмітте зор. Мемлекетті құраушы, ұстап тұрушы, жалғастырушы да жастардан бастау алады. Осы орайда, Алматы қаласындағы Ұлттық кітапханада «Мемлекеттік қызмет – ел мүддесіне адал еңбек» атты тақырыпта пікірсайыс өтті. Пікірсайыс Мемлекеттік қызметкерлер күніне орай өткізілген. Бұл жиынды Алматы қаласы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы және мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің қолдауымен, Алматы студенттер альянсы және Алматы жастар конгресі бірігіп ұйымдастырды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ МӘРТЕБЕСІ

айтып, көзқарасын, пікірін дәлелді жеткізуге, рухани қалыптасуына ықпал етеді. Сондай-ақ азаматтық ұстанымын дамытып, қоғам мен мемлекеттің саяси өмірін тығыз байланыстыра талдауы арқылы жастардың білім деңгейін анықтап, мемлекеттік қызметке машықтандыру.

Пікірсайыс Линкольн-Дуглас форматында өтті. Дебаттың бұл түрі жекпе-жек деп те аталады. Мұнда жиналған жоғары оқу орнының әр студенті:

1. Мемлекеттік қызметкерге мемлекет тарапынан жасалған жеңілдік жеткілікті ме?
2. Мемлекеттік қызметкерге қажет қасиет.
3. Мемлекеттік қызметтің басты құндылығы қандай? – деген тақырып аясында ой өрбітті. Ойын барысында жастарымыздың пікірі қажет жарылып, нағыз дебатқа айналды десек артық айтпағанымыз.

Сондықтан мемлекет тарапынан жасалып жатқан жеңілдікті бірі жеткілікті деп есептесе, қарсы тарап жеткіліксіз деп, тіпті дәлел келтірді. Ал Қазақ қыздар педагогикалық университетінің студенті Бағила Ақайдар мемлекеттік қызметкерге қажет қасиет адалдық деп көптеген елдің қызметкерлерін мысалға келтіре отырып, математик Асқар Жұмәділлаевқа да тоқталды. Өйткені, ол қаншалықты білімді болса да, шетел асып кетпей, елінде қалып, көптеген шәкірт тәрбиелеп, болашақ мамандарды оқытуға бар күшін салып келеді. Міне, «қызметіне деген адалдық» деп осыны айтуға болады. Мемлекеттік қызметкер мемлекет мүддесіне жұмыс істеп, қызметіне адал болғанда ғана ел дамуына үлкен үлес қоса алады. Сонда ғана сыбайлас жемқорлық азаяды деп алғашқы



сөзін аяқтады. Ал оған Тұран университетінің студенті Дастан Аққожа ең алдымен адалдық емес, икемділік, беімділік қажет деп баса айтты.

Дастан Аққожа «Қызметкерлер тек қана адалдықпен ештеңеге жете алмайды. Адалдық барлық адамда болуы қажет қасиет. Ал

болуын керек. Сондай-ақ даму жолында түрлі әдіс-тәсілдер болуы шарт. Мысалы, икемділік болса, мен өзімнің, мемлекеттің және халықтың мүддесін қорғай аламын. Икемділіктің арқасында – өнімділігіміз артып, басты мақсатымыз нәтиже көрсету болып табылады. Мемлекеттік қызметкер

болғандықтан, жаман және жақсы адам болуға икемделе алуымыз қажет. Ал адалдық дейтін болсаңыз, бірбеткей ғана болып, адалдық деген арымызға дақ түспеуін ғана қадағалап, өз мүдденің үшін қызмет етіп кетесіз. Сол үшінде икемділік пен пысықтық мемлекеттік қызметкерге қажет қасиет деп айтар едім» – деді.

Осылайша, екі тарап өз ойын ашық білдірді. Төрешілердің шешімі бойынша Дастан Аққожа басым түсіп, үшінші орынды қанжығалады. Ал 3-кезеңде, «Мемлекеттік қызметтің басты құндылығы қандай?» – деген тақырып бойынша сайысқа түскен К.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ студенті Мұқағали Қуанышев пен Салауат Бекбауов та жақсы пікірсайыс жасай алды. Онда бірінші тарап мемлекеттік қызметтің басты құндылығы жауапкершілікте десе, ал қарсы тарап «Мақсатыма жете аламын, елімнің мүддесін қорғап, ары қарай дамытамын» деген сенім кез келген адамда болуы қажет» – деп соңына дейін өз таңдауын толықтай қорғап шыға алды. Десек те, төрешілер шешімі бойынша 1-орынды Мұқағали Қуанышевқа берді. 2-орын Салауат Бекбауовқа бұйырды. Ал осы дебат-шоуға көрермен болған төрешілер қазіргі жастар қарқынының мықты екенін, сөз саптауының, білім деңгейінің биік екенін тағы да дәлелдей түсті деп өз пікірін білдірді.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы Әсел Бағымбаева «Бұл пікірсайыс Алматы қаласының жас мемлекеттік қызметшілері ортасында ұйымдастырылды. Мұнда жас қызметкерлердің мемлекеттік қызметке деген адалдығын, қаншалықты дайын екенін байқау мақсатында жүргізілді. Мемлекеттік қызметшілердің басым көпшілігі – жастар деп айтуға толық негіз бар. Мұндағы жоғары оқу орнын бітірген студенттер мемлекеттік орындарға, қалаған жеріне жұмысқа орналаса алады. Алматы – жастар қаласы. Сондықтан, биыл «Жастар жылы» деп аталғандықтан, осы басқосуды ұйымдастырып отырмыз. Көптеген жастарды жинап жиын өткізіп тұрамыз. Ал дебат-шоу күйінде бұл алғашқы жобамыз болып табылады. Алдағы уақытта да жалғасын табады деген ойдамыз» – деп ойын түйіндеді.

Салтанат ШЫРЫНХАН,
Алматы қаласы

Келісім

Елбасы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында

IT-технологиямен тығыз байланысты экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуын, өзгерту мен түрлендіруді негізгі басымдық ретінде көрсетті. Мұнда білім мен инновацияға негізделген экономиканы қалыптастырушы орталықтар – университеттер маңызды рөл атқарады.



инфрақұрылымын басқаруда smart-технологияларды және талдамалы жүйені қалыптастыру үшін «Big Data» технологияларын, IT-қызмет аутсорсингін енгізу.

Жоғары оқу орындарының өкілдері ТМД елдерінде теңдесі жоқ «Керемет» (СККО) студенттерге қызмет көрсету бірегей орталығына ерекше қызығушылық танытты. Мұнда «бір терезе» қағидасы бойынша студенттер мен оқытушыларға 500-ден астам қызмет ұсынылады.

IT-ТЕХНОЛОГИЯ ЕНГІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ



Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім және ғылым министрлігінің қолдауымен жоғары оқу орындарының қызметін цифрландыруға арналған «Жоғары оқу орнында онлайн-порталдарының және студенттерге қызмет көрсету орталықтарының қызметін ұйымдастырудың әдіснамалық және практикалық негіздері» атты семинар өтті. Іс-шараға Қазақстан жоғары оқу орындарының 100-ден астам басшылары мен өкілдері атсалысып, еліміздегі жетекші университеттің IT-технология саласындағы озық тәжірибесі мен жетістіктерін менгерді.

Құттықтау сөз сөйлеп, пленарлық мәжілісті ашқан әл Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов сандық Қазақстан құру бойынша мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді жүзеге асыру оқу орны қызметіндегі басым бағыт болып табылатындығын атап өтті. Әлемдік тренд сипатында университеттің цифрлануы жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілікті сақтап, дами түсуіне көмектеседі.

Бүгінде ҚазҰУ-да IT-технологияларды дамытудың басты бағыттары анықталған, олар: жоғары оқу орны қызметін автоматтандыруда бұлттық технологияларды, кампус

СККО «университет-студент» өзара әрекеттесуі жүйесінде бюрократиялық кедергілер мен жемқорлық қауіптерін жоюдың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Секциялық мәжілістерде семинар қатысушылары «Univer» жүйесі базасында оқу үдерісін ақпараттандырумен, «Al-Farabi university – smart city», «Электронды кампус» және және алдыңғы қатарлы IT-технологияларға негізделген жемқорлыққа қарсы механизмдер енгізілген «Жемқорлыққа қарсы университет» жобаларымен және Жағдаяттық басқару орталығымен, «жасыл технологиялар» аймағымен танысты. Сондай-ақ құрылуында әл Фараби атындағы ҚазҰУ мен Қазақстан жоғары мектебінің Ұлттық ғылым академиясы бастамалық еткен ашық білім берудің Ұлттық платформасы негізінде жаппай ашық онлайн-курстарын енгізу мәселелері талқыланды.

Семинар қатысушылары іс-шараның жоғары тәжірибелік маңызын атап өтіп, IT саласындағы ҚазҰУ-дың алдыңғы қатарлы тәжірибесі мен жетістіктеріне қызығушылық танытып, өз оқу орындарына енгізуге дайын екендіктерін жеткізді.

Әбдіманап КЕҢЕС

Марапат

Skytrax компаниясының әлемдік беделге ие жүлдесі жыл сайын «Жолаушылардың әуе компания

«Эйр Астана» әуе компаниясы тағы да 4 жылдығы рейтингісіне және Skytrax World Airline Awards беделді сыйлығы бойынша «Орталық Азия мен Үндістандағы үздік әуе компания» атағына алтыншы рет және «Орталық Азияда және Үндістанда үздік бортық қызмет көрсету» сыйлығымен бесінші рет ие болды. Марапаттау рәсімі 2017 жылғы 20 маусымда Ле-Буржеде Париж авиасалонында өтті.



АЛТЫНШЫ РЕТ АЛДЫ

қызметіне көңілі қаншалықты толады? – деген сауалға жауап іздеу нәтижесінде анықталады. Бұл сараптама 10 ай жүргізіліп, осы уақыт ішінде әлемнің 200 әуе компаниясы авиация саласында үздік атану мүмкіндігі үшін күреседі. Сауалнама Skytrax сайтында онлайн, кездейсоқ жолаушыларды әуежайда және телефон арқылы таңдау әдісімен өткізіледі. Рейтингітегі орындар әуе компания сайтының ыңғайлылығы мен толық ақпаратты қамту, тіркелу жылдамдығы, салонның жайлылығы мен тазалығы, бортағы тағам, ойын-сауық пен қызмет көрсету деңгейін бағалау

негізінде анықталады. «Эйр Астана» артықшылықтарының қатарына борттағы тұрақты түрде жанарып тұратын дәмді тағам, экипаждың сапалы жұмысы мен жолаушыларға деген қамқорлығын жатқызуға болады. Әуе компанияның өзі де ұшақ бортында және веб-сайтында тұрақты сауалнама жүргізіп тұрады.

Компания президенті Питер Фостердің айтуынша, қызметкерлер өз жұмысын ең жоғары деңгейде орындауға тырысады. Компания үшін Skytrax сыйлығын алу мақтаншыл. П.Фостер Skytrax сауалнамасына қатысып, қолдау көрсеткен жолаушыларға алғыс білдірді.

Мәртебе

Forbes

• Америка, Forbes:

ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДІК АРЕНАҒА ТАҒЫ БІР ҚАДАМ ЖАСАДЫ

Америкалық танымал Forbes журналы елімізде өтіп жатқан халықаралық көрме туралы бірқатар мақала басты. Біріншісі «Астанада өтіп жатқан көрмеге барудың 5 себебі» деп аталады. Автор жазғандай, казактын ұлттық салт-дәстүрінен бөлек, әлемнің жасыл технология саласында жеткен жетістігімен танысуға болатындығы айтылған. Сондай-ақ

GLOBAL MEDIA: EXPO – ӘЛЕМГЕ КЕРЕК

Астана көрмені өткізіп отырған таңғажайып қаланың бірі деп баға берілген. Азғантай ғана уақытта, футуристік стильде жаңа қала бой көтерді. Автор қала тұрғындарының қонақжайлылығын ерекше атап өткен. Осы журналда жарияланған тағы бір материал – «EXPO 2017 Қазақстанның әлемдік аренаға жасаған тағы бір қадамы» — деп аталады. Журналист өз еңбегінде еліміз ЭКСПО-ны өткізу арқылы баламалы қуат өндіруде жаңа деңгейге көтеріледі деген.

Daily Mail • Англия, Daily Mail:

АСТАНА КӨРМЕНИ ӨТКІЗУГЕ ДАЙЫН

Англияда шығатын бұл басылым еліміздің «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне өте жақсы дайындалғанымызды атап өткен. Жүзден астам ел қатысатын бұл шараға аудармашылар да сақалай сай дайын тұр. Басылым Қытай елінің көрмеге қатысуға бірінші болып келісім бергенін келтірген. Сондай-ақ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қытай павильонына екі рет барғаны айтылған.

• Америка, CNN:

ПОСТ-КЕҢЕСТІК ҚАЛАДАН ҒАЖАЙЫП АСТАНАҒА ДЕЙІН

Америкалық CNN International Елордамызға «болашақтың ғажайыбы» деп баға берді. Сондай-ақ Астананың көркем ғимараттарымен қоса әр нысанның анықтамасын да көрсетіп өткен екен. Болашақтың қаласы — ғарыштан қарағанда, Жер ғаламшарының кереметі іспетті көрінуі ғажайып емес. Жергілікті халық өз атуайымен атайтын нысандар да баршылық. Соңғы жылдары Қазақстан астанасы футуристік архитектураның да көркем үлгісін жасау үстінде

• Қытай-Ресей: russian.china.org.cn:

ҚЫТАЙЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРҒА МҮМКІНДІК АШЫЛАДЫ

Астанада өтіп жатқан «ЭКСПО-2017» қытайлық үздік кәсіпорындары таныстыруға мүмкіндік береді. Қытайда баламалы қуат көзін дамыту Батыс елдеріне қарағанда кештеу қолға алынғанымен, соңғы уақыттары энергетикалық технология саласында Еуропа мен Америкаға жетіп қалды. Қытайдың күннен қуат алатын батареялары әлемдік нарықта өз орнын ойып тұрып алды. Осы орайда «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі жасыл энергияны бірлесе пайдауға жасалған платформа.

• Қытай, CGTN:

Астанадағы ЭКСПО көрмесі көптің назарын аударып жатыр. Әсіресе болашақ тәуелсіз энергетиканы жасыл технологиямен байланыстырған елдерді. Қар ортадағы «Нұр әлем» атты нысан «Болашақ энергияның музейі» ретінде таныстырылды. Біз көрмеде көрсетілетін дүниелерді жариялауды тоқтатпаймыз. Атап айтсақ,

Еліміз үшін 2017 жылдың басты оқиғасы «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің шымылдығы ашылғанына да көп уақыт бола қойған жоқ. Дегенмен екі апта көлемінде көрмеге 205 мыңнан астам қонақ келіп үлгерді. Ал ашылу салтанатында көршілес жатқан Қытай, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, сондай-ақ өзге елдің 8 президенті қатысқаны белгілі. Сондай-ақ Елбасын осынау үлкен оқиғамең Үндістан мен Люксембург премьер-министрлері – Нарендра Моди мен Ксавье Беттель, БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш, Испания королі Филипп VI, Пәкістанның үкімет басшысы Мұхаммад Наваз Шариф, Сингапур парламентінің төрағасы Хаима Якоб және БАӘ президенті істері жөніндегі министрі Мансур ибн Зайд әл-Нахайян құттықтады. Еліміздің және шетелдік БАҚ-тың екі мыңнан астам өкілі қатысты. Ашылу салтанаты туралы 2997 мақала жарық көрсе, оның 718-і шетелдік басылым. Көрменің ресми YouTube каналында ЭКСПО-ның ашылуын 181 802 адам тамашалаған. Оны отандық және шетелдік 385 БАҚ жүктеп алған. Ұлыбритания, Германия, Қытай, Польша, Чехия, Аустрия, Испания, Украина, Беларусь, Ресей елдері тікелей трансляция таратты. Көрменің алғашқы аптасында 205 561 адам келді. «Нұр-Әлем» көрмесіне кіргендердің өзі 86 500 адамды құрайды. Көрменің алғашқы күні 17 мың көрермен келсе, өткен аптада оның саны 34 мыңға жетті. Жалпы Орталық Азияда тұңғыш рет өткізіліп отырған халықаралық шараға әлем көз тігіп отыр. Бүгінде Астанадағы көрме жайында бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазып жатыр. Оның қатарында әлемнің үздік телеарнасы, ақпарат агенттігі, газеттері бар. Мәселен, Американың CNN, Forbes, Қытайдың CCTV, CGTN, Түркияның мемлекеттік телеарнасы (TRT), Ресей (mi24.tv, tass.ru, ria.ru, russian.news.cn) Украинаның бірнеше ақпарат агенттігі (fromua.news, v-odessa.net, newsmir.info, strana.ua, ukinform.ru), Пәкістанның ағылшын тілінде ақпарат тарататын агенттігі (dailymailnews.com), Түркіменстан, Беларусь, Армения, Қырғызстан, Өзбекстан және өзге де елдің телеарна, газет, сайтары бар. Әр ел өз павильоны туралы мәлімет келтірсе, кей баспасөз аз уақытта бой көтерген көркем нысандарды тілге тиек етуде. Кейбірін назарыңызға ұсынып отырмыз.

қуаттың түрлері: гидроэнергия, жел және биомасса және кинетикалық қуат.

• Түркия, TRT Haber:

«ТҮРКИЯНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ БІЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ»

Көрме ашылған күні Түркия павильонының да салтанатты ашылу рәсімі өтті. Павильонның ашылуына Астанадағы ЭКСПО Түркия комиссары Тарық Сөнмез, еліміздің инвестиция және даму министрі Жәніс Қасымбек, Түркияның Астанадағы елшісі Невзат Уянык қатысты. Қазақстанның инвестиция және даму министрі Жәніс Қасымбек «Қазақстан-Түркия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарын қайта пысықтайтын боламыз. Түркия Қазақстанның маңызды стратегиялық серіктесі саналады. 2016 жылы екі ел арасындағы сауда көлемі 1,5 млрд долларды құрады». 800 мың түрік компаниясы Қазақстанда белсенді қызмет етіп жатыр. Олар денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы салаларында өте белсенді.

Екі ел арасындағы байланыстың маңыздылығын түсіндірген министр «түрік азаматтарының жұмыс істеуге де турист ретінде келуі де көңіл қуанарлық жағдай», — деді. Мақала авторы сөз соңында көрменің ашылуына жоғары баға беріп, ерекше әсер қалдырғанын айтқан.

• Беларусь, belta.by:

ЭКСПО көрмесі — Қазақстандағы соңғы жылдарда ұйымдастырылған ең ауқымды шараның бірі. Көптен күткен ұлы тойдың ұйымдастыру деңгейі өте жоғары. Мұндай іс-шараны тамашалайтын қонақтың саны — Олимпиада мен футболдан әлем чемпионатына келетін туристермен парапар. Көрменің ашылуына әлемнің барлық БАҚ өкілі келді. Жиырмаға жуық елдің президенті мен үкімет басшысы қатысты. Осыдан-ақ көрменің қаншалықты маңызды екені айтпаққа да түсінікті.

• Украина, day.kyiv.ua:

Сергей СВИСТИЛЬ, сауда-өндірістік палатасының вице-президенті: — Украинаға инвестиция тарту, сондай-ақ соңғы үлгідегі технологияны әкелу үшін «Астана EXPO-2017» халықаралық көрмесінің мүмкіндігін пайдаланамыз. Украинадан көрмеге 100-ден аса кәсіпорын қатысады. Біздің мақсатымыз — еліміздегі өндіріс деңгейін көтеру үшін көрме барысында өзге елдермен байланыс орнату. Инвестиция тарту үшін бизнес-форум ұйымдастыратын боламыз.

• Түркіменстан, turkmenistan.gov.tm:

Түркіменстанның президенті Гурбангулы Бердімұхамедов EXPO-2017 халықаралық көрмесіне қатысып, елімізді осындай жаһандық шараны өткізіп жатқанымызбен құттықтады. Ол өз сөзінде елдің мұндай халықаралық көрмеге қатысуы, өзге елдермен байланыс орнатуға үлкен мүмкіндік ашатынын атап өтті. Көрмеге «Болашақ энергиясы» тақырыбын тандауы халықаралық қауымдастықтың назарын энергетотүту, энергокауіпсіздігін қамтамасыз ету, қуатты үнемдеу мәселесіне аударды. Президент бұл мәселенің шешілуі аймақтағы геополитикалық жағдайдың тұрақты болуына септесетінін айтты.

• Әзірбайжан, (AzTV) мемлекеттік телеарнасы

Бұл телеарна EXPO көрмесіне айрықша мән берген. Елордаға жіберілген арнайы тілшісі бірқатар сюжет дайындаған. Оған сәйкес EXPO-2017 мамандандырылған көрмесінің әлемнің экономикалық дамыған жетекші елдерінен кейін Қазақстанда өтуі энергетика саласындағы ынтымақтастықтың ары қарай дамып, қатысушы елдерде жүзеге асырылған жаңа технологиялардың алмасуына мүмкіндік береді. Келесі EXPO-2025 халықаралық көрмені өткізуге Ресей, Франция және Жапониямен қатар Әзірбайжанның да үміткер екендігі баса айтылды.

ТҮЙІН:

Осылайша көрмеге қатысып жатқан 100-ден астам елдің баспасөз құралының «Астана ЭКСПО-2017» туралы жазғанын мысал ретінде келтіре беруге болады. Себебі осы уақытқа дейін біздің назарымызға іліккен мақала, сюжеттің саны мыңнан асады. Сынан гөрі салмақты, сараптама басым. «Болашақтың энергиясы» тақырыбы көпшіліктің көкейінде жүзгені белгілі болды. Ең бастысы, еліміз сын сараптама жою тауып, бүкіл әлем алдында абыройлы, мәртебелі іс атқарды. Бұл сан ғасырдан бері Ұлы даланы мекендеген — қазақ елінің тарихқа тастай таңбаланып қалатын ұлы ісінің бірі болды.

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

ҰЛТ

www.jasqazaqlw

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Татулық

Жас казак: Алматы қаласындағы этномәдени бірлестіктердің қызметі туралы әңгімелесек деген елік.

Жаннат Шарпаханқызы:

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны

Сатираның сайтқыраны



ӨҢІР

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Береке

Алматы облысындағы Панфилов ауданының даму қарқыны соңғы жылдары уақытпен үндесіп, күн өткен сайын артып келеді. Оған өңірдегі инновациялық жаңа

жобалардың жүзеге асуы, ауыл шаруашылығының тың технологиямен жабдықтауы, жаңа кәсіпорынның көптеп ашылуы қарқын беруде. Соған сәйкес тұрғындардың әлеуметтік жағдайы да жақсара түсті, жаңа мектеп, медицина мекемелерінің ғимараты салынып, мәдениет үйлері жөнделе бастады. Екі күндік жұмыс сапарымен өңірге келген облыс әкімі Аамандық Баталов аудандағы сан салалы жұмыспен жақын танысты. Алдымен ат басын «Көктал-Агро» ЖШС егінжайына бұрған облыс басшысы, жасыл теңіздей жер бетіне жайқалып өсіп шыққан жүгері алқабын көріп, қолданылған жаңа технологияның тиімділігін бағамдады.

Облыс әкіміне жүгерішілер жұмысын аудан әкімі Бердәулет Абдуллаев пен «Көктал-Агро» ЖШС төрағасы Ж.Оханов баяндады. Серіктестік биыл 273 гектар жерге жүгері өсірсе, соның 223 гектарына тамшылатып суару әдісін қолданыпты. Оның 90 гектары №1, 76 гектары №2 және 107 гектары №3 бригадаларға тиесілі. Тамшылатып суару әдісін жаз айларында су тапшылығы бар алқаптарда пайдалануға баса назар аударылған.

Өңірде ауыл шаруашылық өндірістік кооперативтерін құру үрдісі етек алуда. Солардың бірі — Көктал ауылдық округінің Аққұдық ауылындағы кәсіпкер Н.Қарабалаев құрған «Көктал» кооперативі. Ауыл іргесінен жер алып, Ресейден сүтті ірі қара малының тұқымын сатып әкеліп, сиыр фермасының негізін қалаған ұжым биыл алғаш бұзаулаған 20 құнажынды сауып, сүт өндіре бастамақшы. Осы ферма қақпасында облыс басшысына ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін Шолақай ауылында құрылған «Абуов», Алтыұй ауылындағы «Ауғанбаев» өндірістік кооперативтерінің де жұмысы таныстырылды. Жаркент қаласының іргесінде ашылған тері өңдеп, қой жүнін жуатын жаңа зауыт жаңалығы да қызығушылық тудырды.

Бұдан кейін Аамандық Ғаббасұлы «Алматы-Көкпек-Шонжы-Көктал-Корғас» жолын күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты. Жол-жөнекей

шығысында салынған тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу зауытын аралап көрді. Қытайлық жабдықтармен жарақтандырылған жаңа кәсіпорынның жергілікті халыққа тиізер пайдасы орасан мол. Ең әуелі әр

отбасы өз үйінен шығарылған темір мен әйнектен басқа барлық құл-қоқысын осы кәсіпорынға ақылы негізде өткізіледі. Бұл елді мекендер мен олардың маңын көз сүріндіретін қоқыс үйінділерінен арылтпақ. Зауыт директоры К.Ермұханбетовтың айтуынша, кәсіпорын сол қалдықтардан өзге өндіріс орындарына өте қажет өнімдер шығарып саудалайды. Мысалы, Жаркентте

жақында іске қосылған асфальт зауыты осы кәсіпорын өндіретін техникалық майға өте зору екен. Ал Жаркент қаласындағы 300 орынды жаңа мектептің құрылысы толық аяқталып, алдағы оқу жылының басында пайдалануға берілмекші. Дегенмен, жаңа мектеп үйінің кейбір қабырғаларына сызат түсіп жарылғаны, жылу жүйесіндегі, айналасын абаттандырудағы және басқа да тұстарындағы кемшіліктер байқалып қалды. Облыс әкімі мердігер құрылыс ұйымының басшыларына осы кемшіліктерді талапқа сай желел жөндеуді тапсырды. «Корғас — Шығыс қақпасы» АЭА одан әрі дамыту үшін Пенжін ауылының іргесінен 1267 гектар жер бөлінген. Оның 600 гектарына болашақта 100 мың адам қоныстанатын жаңа Нұркент қаласының инфрақұрылымы жасалмақ.

Арнайы аймақтағы құрылыс қарқыны күн санап үдеп, Корғас өзенінің жағалауында сөнді де зәулім ғимараттар бой көтеруде. Сапар барысында облыс әкімі «Корғас» шекара маны ынтымақтастығы халықаралық орталығында» соңғы бір жарым жылда бой көтерген «Хуан — Шығыс», «Корғас — KAT», Viktoria city, TZNs Development Group сауда орталықтарын аралап, инвесторлармен сұхбаттасты. «Корғас» шекара маны халықаралық ынтымақтастығы орталығының құрылысы екі ел басшысының бастамасымен бірлесіп жасалған ірі жоба болып табылады. Мақсат Қытай елімен сауданы жеңілдетуге бағытталған, бастысы, Батыс Еуропа — Батыс Қытай трансконтинентальды жол жобасын жүзеге асыру арқылы екі мемлекеттің де тасымал әлеуетін дамытуға арналған. Бүгінде бұл орталық әлемде теңдесі жоқ жаңа жоба. Ол өндірістік, көліктік әлеуетті күшейтіп, шағын және орта бизнесті барынша табысты етуге кеңінен мүмкіндік береді. Елімізде бәсекеге қабілетті тауарлар өндіріп, қызметтерді дамыту және құруды, сондай-ақ кәсіпкерлердің әлемдік нарықтағы белсенділігін арттыруды көздеген. Жобаны жүзеге асырудың негізі еліміз бен Қытай үкіметінің арасында жасалған келісім болды. 2004 жылдың 24 қыркүйегінде Елбасының Қытайға барған сапарында екі ел үкіметінің

өкілдері Қазақстан мен Қытай шекаралары арасында «Корғас» халықаралық шекаралық әріптестік орталығын» құру туралы негіздемелік келісімге қол қойды. Келесі жылы шілде айында Қытайдың бұрынғы басшысы Ху Зинтаоның Қазақстанға келген ресми сапарының аясында орталықтың қызметін реттеуге келісім жасалды. Осы жылы тамыз айында ел үкіметінің қаулысымен жоба операторы қазақстандық тараптан «Корғас» шекара маны ынтымақтастығы халықаралық орталығығы» болып бекітілді. Орталықтың құрылысы екі бөліктен тұрады. Олар Панфилов

құралдардың қолданылуын талап етеді. Мысалы, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуы үшін қуатты инвесторлар табуға тура келеді. Сондықтан APL Construction ЖШС секілді жеке инвесторлардың тартылуы аймақты газдандыру үшін ен тиімді тәсіл болып саналады. Ұлттық оператор «ГазТрансГаз» АҚ инвестициялық серіктесі APL Construction ЖШС-імен бірлесіп, Жаркент қаласына жеткізуші газ құбыры мен автоматтандырылған газ тартату стансасын салып, наурыз айында іске қосқан болатын. Қолданысқа берілген «Жаркент» АГТС-і мен газ құбырлары биыл аудан орталығының



ЖАҢА ЖОБАМЕН ЖАНДАНДЫ

ауданындағы орналасқан қазақстандық және Қытайдың Іле-Қазақ автономдык облысы аймағындағы тұрған қытайлық бөлік деп аталады. Орталықтың жалпы аумағы 528 гектар жерді қамтиды, оның 185 гектары еліміздің, 343 гектары қытайлық бөлік. Орталықтағы бөліктердің арасында жол қатынасы арнайы көлік, жүргінші өткелдері арқылы жасалған. Арнайы экономикалық аймақта қазір екі ел азаматтары өз мемлекеттері тараптарының құзыретті органдары бекіткен құжаттардың негізінде виза рәсімлемей-ақ 30 тәулік мерзімге дейін жүре алады. 2016 жылдың қараша айынан бастап Қазақстан азаматтарына жеке куәлігімен орталыққа кіруге рұқсат етілді. Басқа мемлекеттерден келген азаматтар халықаралық сапарларға арналған құжаттарға сәйкес рәсімделеді.

Облыс әкімінің өңірдегі сапарының алғашқы күні Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжі жиын жайында аудан активімен кездесуімен қорытындыланды. Мұнда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өндіріс орындарында, білім беру мекемелерінде шешімін күткен мәселелер қызу талқыланды. Алдымен аудан тіршілігі жайлы кең көлемді хабарлама жасаған аудан әкімі Бердәулет Абдуллаев өңірде жүзеге асырылған жұмыстар жайында баяндады. Жиында Үлкеншыған ауылдық округіндегі «Қамқорлық» ЖШС төрағасы Әлен Жолдасов, Славян этномәдениет орталығының мүшесі Полина Емец, зейнеткер Тұрсын Жалилходжаев, Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжінің студенті Гүлдана Самалбекова сөз сөйлеп, ойларын ортаға салды.



Аамандық Ғаббасұлының Жаркент өңіріне сапарының екінші күні шекарадағы «Нұрлы жол» кедендік өткеліндегі логистикалық кешен құрылысын көруден басталды. Логистикалық кешен толық іске қосылғанда бір жұмыс күнінде 875 көлікке жүк тиеліп жүнне шығатын болады. Соның 60 пайызы (525) қысқа мерзімді сақтау ғимаратында қайта тиеліп, 350 көлік ашық алаңтан жүк алуға бейімделген. Осы жерде облыс әкіміне Жаркент өңірін табиғи газбен қамту жұмысы таныстырылды. «Интергаз Орталық Азия» АҚ директоры Валентин Хван таныстырған жаңа жобаның өңірге әкелер жақсылықтары орасан мол. Ірі транзиттік және магистральды газ құбырлары облыс арқылы өткенімен аймақты газдандыру деңгейі жоғары емес. Бұған қоса, қазір қалыптасып отырған күрделі экономикалық ахуал тұрғындарды газбен қамту үшін жаңа

43 мыңнан астам тұрғыны мен 161 өндірістік және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорнын, сонымен қатар «Корғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын табиғи газбен жабдықтайды. Қазір газ құбырлары «Корғас—Шығыс қақпасы» АЭА тартылуда. Жалпы ауданда 324 шақырым газ құбыры салынып, 11800 тұтынушыны қамтымақ. Баяндаушыны ден қоя тындаған облыс әкімі АҚ басшысы мен облыстағы осы салаға жауапты тұлғаларға газ тартуды сапалы атқарып, оның жалпы халыққа қолжетімділігіне баса назар аударуды тапсырды. Әсіресе, жобаға салынған қаржымызды желел қайтарамыз деп тұрғындарды қинамау қажеттігін қадап айтты.

Келесі кезекте Нұркент қалашығына келген облыс басшысы осындағы аудан тұрғындарына арналып салынған әрқайсысы 60 пәтерлі коммуналдық қос үйді көрді. Үй құрылысын екі жыл барысында New Construction ЖШС атқарып, жергілікті бюджеттен бөлінген 800 миллион теңгені сапалы игергені байқалады. Әр үйде 28 бір, 32 екі бөлмелі жаңға жайлы пәтерлер бар. Аамандық Ғаббасұлы осы қалашық іргесінен салынатын болашақ Нұркент қаласына бөлінген жер теліміне барып, оның бас жобасымен танысты.

— Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері аймақтарда бірде-бір жаңа қала салынбапты, Нұркент тыннан салынған алғашқы қала болмақ, — деді облыс әкімі.

Іссапар «Корғас — Шығыс қақпасы» АЭА-ның «Құрғақ порт» терминалында Қазақстан — Қытай мемлекеттері басшыларының қатысуымен Астанадағы «ЭКСПО — 2017» көрмесінің Қытай павильонымен арада ұйымдастырылған «Қазақстан мен Қытай Еуразияның

транзиттік көпірі» атты телекөпірмен түйінделді.

Телекөпірде екі ел басшылары Қытайдың Лияньонған портындағы Қазақстан — Қытай логистикалық орталығы мен «Корғас — Шығыс қақпасы» АЭА арасындағы контейнерлік қызметті іске қосты. Телекөпірде облыс әкімі мен «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ вице-президенті Санжар Елубаев екі ел басшыларына «Корғас — Шығыс қақпасы» АЭА-да атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Ұлы Жібек Жолын жаңғырту жобасының маңызы мен мәні жөнінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев пен Қытай төрағасы Си Зинпин сөз сөйлеп, «Құрғақ порттан» Қытайдың Шингу қаласына, Лияньонғаннан Түркияның Ыстамбұл қаласына жүк тиелген алғашқы контейнерлік пойыздың аттануына рұқсат берді.

Газдандыру



Расында, өңір тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз ету үшін үлкен жұмыс жасалғаны көрініп тұр. Оның нәтижесін бөлінген қаржы мен атқарылған жұмыстардан-ақ білуге болады. Яғни газдандыру мақсатына 2013 жылы 1611,9 млрд теңге, 2014 жылы 2115,2 млрд теңге, 2015 жылы 2835,2 млрд теңге, 2016 жылы 5239,2 млрд теңге бөлініп, игерілген. Ал 2013 жыл мен 2016 жылдары бөлінген қаржыға қарап-ақ, өңірді көгілдір отынмен қамту жұмысына қаншалықты деңгейде мән берілгенін аңғаруға болады.

Осы ретте облыс орталығы Талдықорған қаласын газдандыру мақсатындағы жұмыс қарқынына ерекше тоқтала кеткен жөн. Жоспар бойынша қаланы газбен қамтамасыз ету төрт кезенге бөліп орындалады. Алғашқы кезекте «Қаратал» шағынауданы, Абылай хан, Жансүгіров, Гаухар ана көшелерінің бойындағы, облыстық аурухана, автобекет және орталық базардың маңындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлер, «Талдықорған» индустриялды аймағы мен Оңтүстік өндірістік аймақ газ желісімен қамтылады. Екінші

Алдын ала болжам бойынша Алматы облысындағы барлық елді мекенді тұтастай газбен қамту үшін 3,3 мың шақырым газ желісін тарту керек. Қазір осы жоспардың бірқатары еңсерілді. Бұл туралы облыстық әкімдікте өңір басшысы Аамандық Баталовтың өткен жиында мәлім болды.

беруге жауапты. Сырттағы газ желісін үйге енгізуге қатысты жұмыстарды пәтер және жеке тұрғын үй иелері өз қаржысымен атқарады. Бұл туралы «Қазтрансгаз аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы директорының орынбасары Бауыржан Дүйсенбеков түсіндіріп берді.

— Талдықорған қаласын газдандыру мақсатында осыған дейін Еуразиялық банкпен келіссөз жүргізілген еді. Ол бастама өз шешімін тапты. Қаланы толықтай газдандыру жұмысын облыстық бюджеттің есебінен жалғастыра береміз. Сол қатарда Талдықорған — Текелі қалаларының арасына газ тарту жобасы да қамтылады. Қазірден бастап газ қосылатын үй тұрғындарының арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы халықпен жиын өткізілуде. Жоспар бойынша жүйелі атқарылып келе жатқан жұмыстар бәріміздің жіті қадағалауымызда. Осы тұста жеке үйлерге газ кіргізу жұмысының құны газ желісі мен тұрғын үйдің пеш қоятын жеріне дейінгі арақашықтыққа тікелей қатысты. Мысалы, газ құбыры мен үйдегі пешке дейінгі аралық

ЖҰМЫС ЖОСПАРҒА САЙ



кезекте «Самал», «Жастар» шағынаудандары мен Қабанбай батыр, Чкалов, Белов, Шевченко көшелерінің бойындағы жеке және көпқабатты тұрғын үйлерге газ жеткізіледі. Үшінші кезекте Өтенай және «Шығыс» шағынауданы мен Жансүгіров, Алматы, Тілек Әбжаиев көшесінің тұрғындары көгілдір отынға қол жеткізеді. Төртінші кезекте Еркін, Көктал ауылдары мен қала маңындағы саяжайлар газдандырылады.

Бүгінге дейін Талдықорған қаласына газ желісін тарту жұмысы белгіленген жоспар бойынша орындалып келеді. Аймағы 80 шаршы метр үйді қыстай жылыту үшін 5-6 тонна көмір жағатын Николай енді қыс бойы үйді жылытуға жұмсалатын газдың құнының да сол мөлшерде болатынын есептеп қойыпты. Ал газдандыру жұмысына тартылған дәнекерлеуші Дәулет Қарбаев екі қолға бір жұмыс тапқанына қуанышты. Қаланы газдандыру жұмысы басталғалы осы өңірдегі дәнекерлеушілерге сұраныс артқан. Олардың жалақысы да жаман емес. «Қазтрансгаз аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының бас маманы Елнар Керімов жұртқа қуаныш сыйлайтын жобаның жұмыссыздық деңгейін төмендетуге көп ықпалы болғанын қуана жеткізді.

Магистральды газ құбырымен келетін газ жоспар бойынша барлық аймаққа тартылады. Сонымен қатар қауіп-қатердің алдын алатын құрылғылар мен пунктті найзағай отынан сақтайтын техникалық бағана салынған. Ең бастысы, қазірдің өзінде биылғы жоспардың жартысы орындалған. Алдағы уақытта қалған бөлігі орындалмақ. Демек, қаланы газдандыру жоспар бойынша атқарылуда.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС, Алматы облысы

Мерей

**Алматы облысының
үздік дәрігерлеріне «Лада
Гранта» автокөлігінің
кілті табысталды.**

Талдықорған қаласындағы І.Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында медицина қызметкерлері күніне орай салтанатты шара да өтті. Денсаулық сақтау саласының мамандарын облыс әкімі Амандық Баталов құттықтады. Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, құттықтау тілегін білдірген облыс басшысы денсаулық сақтау саласына мемлекет тарапынан зор қолдау көрсетіліп отырғанын атап өтті.

А.Баталов «Адам жанының арашасы болып табылатын дәрігерлердің қоғамдағы орны ерекше. Халықтың денсаулығын жақсартатын ақ халатты абзал жанға елімізде ерекше құрмет көрсетіледі. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлт денсаулығы — біздің жарқын болашағымыздың негізі», — деген сөзі сіздердің мамандықтарыңыздан бар болмысын айқындап тұр. Денсаулық сақтау саласы — мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Сондықтан біздің облысымызда бұл салаға бөлінетін қаржы жылдан-жылға артып келеді. Соның арқасында біздің медициналық мекемелеріміз ең озық үлгідегі құрал-жабдықтармен жабдықталып, емдеудің тиімді тәсілдері қолданылып келеді», — деді.

автокөлігінің кілтін алды. Сонымен қатар «Үздік дәрігерлік амбулатория», «Үздік ауылдық аурухана», «Үздік аудандық орталық аурухана», «Үздік облыстық медициналық мекеме», «Үздік техникалық кәсіби білімі бар медициналық қызметкер», «Үздік менеджер» аталымдары жеңімпазының есімі де белгілі болды. Жүлдегерлерге 100 мыннан

рентгенолог дәрігері Эдик Санчилов марапатталды.

Медицина қызметкерлері атынан денсаулық сақтау саласының ардагері Кенжебек Өмірғали мен Талдықорған қалалық емханасының терапевт дәрігері Дана Алтынбаева әріптестеріне ізгі тілегін айтып, мамандарға көрсетіліп отырған қолдаулар үшін ризашылығын білдірді.

Салтанатты шара «Кәсібіңе басымды ием» атты мерекелік концертпен жалғасты.

Осы күні І.Жансүгіров атындағы мәдениет сарайының кіреберісінде



ҮЗДІК ДӘРІГЕРГЕ АВТОКӨЛІК



Сөзін одан әрі сабақтаған өңір басшысы «Қажырлы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін. Саламатты ұлт қалыптастыру жолындағы еңбектеріңіз жанып, халықтың ыстық ықыласына бөлене беріңіздер!» — деді ізгі тілегін жеткізіп.

Облыстық конкурстың қорытындысына сәйкес жеңімпаз 8 номинация бойынша марапатталды. Мәселен, Іле аудандық ауруханасының хирургия бөлімінің менгерушісі Айдын Елікбаев үздік дәрігер атанса, Еркін ауылдық амбулаториясының менгерушісі Әскербек Оралбаев үздік дәрігер атанды. Екі маман да облыс әкімінің қолынан «Лада Гранта»

500 мың теңгеге дейінгі ақшалай сыйлық берілді.

Сонымен қатар Амандық Баталов үздік қызметкерлерге денсаулық сақтау министрілігінің марапатын, облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен алғыс хаттарын табыстады.

Атап айтқанда, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен Талдықорған аймақтық инфекциялық ауруханасының бөлім менгерушісі Анжелиана Ким мен Карасай аудандық орталық ауруханасының

Алматы облысында мемлекеттік — жекеменшік әріптестік негізінде денсаулық сақтау саласында қолға алынған жобаларды көрсететін көрме ұйымдастырылды.

Облыс әкімі мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің мемлекет басшысының берген негізгі тапсырмасының бірі екендігін атап өтті.

Облыс әкім «Біздің өңірімізде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жақсы қарқынмен жүзеге асуда. Қазір біз қос тарапқа да тиімді мұндай әріптестік қатынасты денсаулық саласында да пайдалана басталдық. Өздеріңіз осы ғимараттың кіреберісінде қойылған көрмеден көрген жобаларыңыз жемісті ынтымақтастық қатынастың тек бастамасы ғана. Олардың орындалуы халықтың денсаулық қорғау мен нығайту жолында тигізер септігінің зор болатындығына сенімдімін, — деді.

Көрмеге қатысушылардың мамандандырылған арнайы құрылғы мен зерттеу әдісінің заманауи үлгісін біріктіре таныстырған жобалары онкологиялық ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік беретіндігін ескерте кеткен жөн.

Сондай-ақ шара барысында көпшілік назарына өңірдің денсаулық



сақтау саласында қол жеткізген жетістігін көрсететін бейнеролик ұсынылды.

Жасыл орақ

Алматы облысындағы Бақаш аграрлы аудан болғандықтан, мал мен егін шаруашылығын барынша дамыту басты назарда. Соған орай өңірде мал басы да жыл санап көбейіп келеді. Ал осы төрт түлікке қажетті жемшөпті дер уағында дайындау бүгінгі таңда шаруашылықтардың негізгі жұмысына айналып отыр.



Осындайда «Қыстың қамын жаз ойла» деп дана халқымыз тегін айтпаған. Жадыраған жаз келіп, жайқалған көк майсаға орақ түсетін кезең де келіп жетті.

Аудан көлеміндегі 10031 гектар жоңышқа алқабының бүгінгі таңда 4280 гектары шабылып, 1893 гектардың шабылған шөбі жиналды. Орташа есеп бойынша гектарына 50 центнерден

айналуа. Мұның сыртында 730 гектар жердегі жоңышқалықтан 4880 тонна пішіндеме дайындалды. Жалпы айтқанда, бұл науқанға аудан көлемінде 32 дана шөп шабатын комбайн, 58 дана шөп тайлайтын техникалар жұмылдырылып, жоңышқа ору науқанының бірінші орылымы маусым айының соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда. Қарқынды түрде атқарылып жатқан жұмыстардың мән-жайымен жақынырақ танысу мақсатында аудан орталығы Баканасқа жақын орналасқан бірнеше шаруашылықтарды аралап қайтты.

«Өтес Ақдала» ЖШС-інің №5 бөлімшесінің жоңышқа алқабын аралағанымызда аталмыш шаруашылыққа тиесілі 320 гектар жоңышқалық жердің 210 гектары орылып, оның 180 гектарындағы шөптің тайланғанының куәсі болдық. Биылғы жылдың шөп шабу науқанына «Өтес Ақдала» ЖШС-і арнайы шөп шабатын екі «Мешера Е-403» маркалы техникасын сатып алған. Жаңа техникалар пішен шабу науқанында тоқтаусыз жұмыс атқарып, өнімділігін айрықша көрсетуде.

Шөп шабу науқанында көш бастап тұрған шаруашылықтардан «Бірлік» агрофирмасын және «Динара» өндірістік кооперативін, «Агрофирма «Өтес» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін, сондай-ақ «Марат» шаруа қожалығын атап өтуге әбден болады.

Осылайша аудан көлемінде шөп шабу науқаны қарқын алуа.

АЙМАҚ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



11

Жағымды жаңалық

Алматы облысындағы Сарқан ауданында Талдықорған қаласындағы «Ажар» тігін фабрикасының филиалы ашылды. Сарқан политехникалық колледжінің базасында ашылып, 23 қыз-келіншекті тұрақты жұмыспен қамтыған филиал бүгінде бірыңғай әскери киім тігуге машықтанған.

ӘСКЕРИ КИІМ ТІГЕДІ

Аталмыш филиалдың ашылуына Сарқан ауданының әкімі Ерғазы Қошанбеков, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, «Ажар» ТФ ЖШС-нің бас директоры Хамидулла Ержанов қатысып, жаңа цехтың жұмысына сәттілік тіледі.

— Талдықорған тігін фабрикасы бастауын 1933 жылдан алады. 1991 жылы «Ажар» кәсіпорны болып қайта құрылып, республикалық «Алтын сапа» байқау-көрмесінің дипломанты атанып, республикалық «Сенім — 2010» конкурсының «Ең озат жұмыс беруші» номинациясы бойынша ІІ дәрежелі дипломмен марапатталдық, — дейді аталған кәсіпорынның бас директоры.

Келер жылы өзінің алпыс жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Сарқан политехникалық колледжіне бұл тігін цехы таптырмас дүние болғалы тұр. Жастарға кәсіптік білім мен білік беруге маманданған оқу ордасындағы 7 түрлі мамандықтың бірі — тігіншілік. Бұл дегеніңіз



— ине, қайшы ұстаған шәкірттің кәсіби мамандардан тәлім алып, өз ісінің білімін білік, тәжірибемен ұштастыра алады деген сөз.

— Ерінбеген жанның еңбегін жемейміз, — дейді тігін цехының басшысы болып тағайындалған Үмітжан Тертібаева. Тігін машиналарының бәрі жаңа. Екі жетіде 150 дана дайын өнім

шығарылған. Бұл істе әсіресе «Ажар» ТФ ЖШС-нің бас технологу Роза Рамазанқызы өз тәжірибесін ұштастыра отырып, ерекше бағыт-бағдар нұсқаған.

Жаңа цехтағы тігіншілердің жұмыс орнын ашып, халықтың тұрмыс жағдайын көтеруге игі ықпалын тигізіп отырған жергілікті басшылыққа ризашылықтары шексіз.

Кәсібі – нәсібі

Ғалиаскар Төлендіұлы алдымен Еңбекшіқазақ ауылында орналасқан «Жанат» шаруа қожалығына

«Нұр Отан» партиясының «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» атты арнайы жобасы жүзеге асуда. Осы ретте аталған партия Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев Көксу ауданының бірнеше шаруа қожалығына барып, ондағы мал бордақылау алаңдарының жұмысымен танысты.

көтеру, жаңа жұмыс орындарын ашып, жастарды кәсіп игеруге ұмтылдыру, — дейді «Нұр Отан»

МАЛ ӨСІРСЕҢ...

барды. Ұжым өткен жылы «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жеке шаруа қожалық болып тіркеліп, мал бордақылауға 6 млн теңге несие алған. Қазірде 28 бас ірі қара бордақылау алаңында бақылауда. Бұл туралы кездесуде аталмыш қожалық басшысы Асхат Қапшабаев айтып, партия өкілдеріне өз алғысын жеткізді.

— Мемлекеттік бағдарламаның көмегі зор, осындай қомақты қаражат алуымызға партиялықтардың ақыл-көнесі себепкер болды. Бүгінде ойға алған шаруамыз ілгері басуда, — дейді кәсіпкер азамат.

Осыған орай Ғалиаскар Сарыбаев та мал бордақылап, одан табыс табуын оңай шаруа емес екенін тілге тиек етіп, шаруаларға «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» атты партиялық жобаның мақсатын таныстырды.

— Жоба аясында өңірлерде мал, егін шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге қолдау көрсетуіміздің басты себебі — ауылдың әл-ауқатын



партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

Өз кезегінде Көксу аудандық жұмыспен қамту орталығының директоры Жанар Байұзақова аталмыш партиялық жоба аясында ауданда 29 азамат несие алғанын, кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 21 адам жіберілгенін атап өтті.

Бұдан соң жұмыс тобы Көксу ауданы Балпық би кентінде тұратын Нұркелді Мазмакынның жеке шаруашылығына ат басын бұрып, ондағы шаруашылықты көріп қайтты.

Жәрмеңке

Іле ауданының Ақши ауылынан Жетісу жерінде өсірілген ауыл шаруашылығы

өнімдерінің алғашқы автокеруені Астанаға аттанды. Жергілікті диқандар мен өндірушілер өндірген көкөніс пен жеміс-жидек, сүт пен ет өнімдері тиелген жүк көліктері Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін айтулы тарту болмақ.



Маусым айының 17-18 күндері «Қазақстан» спорт кешенінің маңында өткізілетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтті. Себебі Астана жұртшылығы Жетісу жерінде өскен дақылдардың, азық-түліктің дәмін жақсы біледі. Ондағы жерлестеріміздің туған жердің дәмін татқысы келетіні тағы бар. Сондықтан да болар Алматы облысы өткізген әрбір жәрмеңке қашанда сұранысқа ие.

Бұл жолғы жәрмеңке халықаралық ЭКСПО—2017 көрмесіне орай ұйымдастырылғандықтан, мемлекет астанасына жаңа піскен жеміс-жидектер мен бақша дақылдары, қазы-қарта, шұжықтар мен ірімшіктер, балық пен ет, сүт өнімдері мен бал сынды экологиялық таза өнімдер жіберіліп отыр. Тауарлар мен өнімдердің жалпы саны — 42.

Жәрмеңкеде арнайы сұхбат берген облыстық ауыл шаруашылық басқармасының басшысы Сексенбай

ЖЕТІСУДЫҢ ТАРТУУЫ

Бекішевтің айтуынша, өнімдер Алматы облысының барлық өңірінен жинақталған.

— Негізінен, бұл жолғы жәрмеңкеге көкөністер мен жеміс-жидектер жіберіп отырмаз. Өйткені, біздің аймақтың өнімдері күллі республикаға танымал, — деген басқарма басшысы жәрмеңкеге қатысушылар жайлы мәліметтер бере кетті. — Меніңше, жетісулық өндірушілердің өнімдері астаналықтардың үлкен сұранысына ие. Өйткені біз өткізген жәрмеңкеде сөредегі азық-түлік тез таусылып жатады. Мысалы, былтыр күзде жұртшылық біз ападарын етке таласып қалды. Сондықтан бұл жолғы жәрмеңкеге Ақсу, Ескелді, Қаратал және Көксу аудандарында өндірілген экологиялық таза өнімдер — көкөністер мен жеміс-жидектер, сүзбе мен ірімшік, сүт пен май, ет іріктеліп алынды.

Естеріңізге сала кетсек, жәрмеңкеге облыстың 16 ауданы мен 3 қаласындағы өнім өндірушілер қатысады. Олар Астанаға барлығы 3 мың тонна өнім апарды. Оның 1200 тоннасы көкөніс, 500 тоннасы жеміс-жидек, 20 тоннасы бал болса, қалған 470 тонна басқа да өнімдер. Сонымен қатар қазірдің өзінде Елордада жұмыс істеп жатқан алты дистрибуторлік бөлімше 400 тоннадан астам ауыл шаруашылық өнімдерін ұсынады.

Астана тұрғындары тауардың сапасына сеніммен қарай алады. Себебі дәл жолға шығардың алдында санитарлық-эпидемиологиялық мекеме мамандары тексерген тауарлардың бәрі де лайықты сақтауға қойылған.

Жәрмеңке аясында облыстық филармония әртістері дайындаған концерттік бағдарлама көпшілік назарына ұсынылды.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС,
Алматы облысы



МУНДАЙ ДА БОЛАДЫ



Студенттік кезде бастан не өтпейді? Кездейсоқтықтар да, таңғаларлық жағдайлар да кездесіп жатады ғой. Әрине, әдейі істейтін әрекеттермен бірге, мәжбүрліктен туған оқиғалар да аз ұшыраспайды.

ҚазМУ-дың журналистика факультетінде оқып жүрміз. Сынақ сайын, емтихан уақытында жан беріп, жан алысып қаламыз. Қалайда қатарынан да, курстан да қалмауың керек.

2-курс «Әдебиет тарихы» пәнінен кафедра меңгерушісі, профессор Ханғали Сүйіншілиев емтихан қабылдады. Дайындығымыз ала-құла.

Сонымен, кезек келгенде белгілі әдебиетші ағаның алдынан бір-ақ шықтық. Билеттегі сұрақтар: біріншісі «Махамбет поэзиясындағы патриоттық рух», екіншісі «Абайдың қарасөздерінің тәрбиелік мәні». Махамбет жырларын мектепте тегіс оқып, бір кісідей-ақ жаттап алғанмын. Саса қойғаным жоқ. Шегінен шемішкеше шағып жатқан сияқтымын.

Ұстаз сыр берер емес. Не қостағаным, не қош көрмегенім білдірмей отыр. Сырғытып біраз жерге барып қалғанымда:

— Енді Абайдың қарасөздеріне ауыс, — деді жәй ғана.

Бұл енді, менің жанды жерім еді. Шыны керек, бұл кезге дейін ара-тұра

аударыстырып қойғаным болмаса, Абайдың қарасөзбен жазған еңбектерін ықтияттап оқып шықпаған едім. Бірақ оңайлықпен жан берісу қайда?

Махамбет жырларынан алған шабыт, екпінді тежемей, Абай сөздеріне де қызу кірісіп кеттім. Ұлы ғұлама, әйтеуір, ұрпағына жаман болсын демейді ғой. Әр сөзбен ақыл-кеңес, парасат-пайым ұқтырып, жеткіншек тәрбиесінің жетілуіне үн қоспай ма? Ендеше, маған не тұрыс? Мұғалім алдында сүмірейіп, аузынан сілекейі ағып

ерекшеленеді, — деп бастап, жауапқа сондай құлшына кірістім.

— Мәселен, екінші қарасөзінде ұстаздық туралы, бесінші қарасөзінде адамгершілік жайлы, тоғызыншысында ұрпақ тәрбиесі, он үшіншісінде адам мінезіннің жаксы қырлары, он жетінші кенесінде жат қылықтардан сақтандыру турасында, — деп ойдан мысалдар келтіріп, төрт-бес саннан секіріп отырып, алпысыншы қарасөзге дейін сырғыта бердім.

Ұстаз сыр берер емес. Дұрысын да, бұрысын да ішіне бүгіп отырғандай... Алпысыншы сөзге жетіп, алқынып барып тоқтадым. Профессор аға асықпай алдындағы менің сынақ кітапшам «4» деген цифрды, оның жанына қолын қойды. Сосын менің бетіме тура қарап тұрды да:

— Қарағым, сен Абайдың қарасөздерін оқымаған екенсің. Мен кандидаттық диссертациямды осы тақырыпта қорғағанмын. Абайда алпыс сөз жоқ, қырық шамалы ғана. Мына төртті көкірегіңнің санлауы үшін, өзіңше пайымдап, жобалап, болжап айтқан сананның серектігі үшін қойдым. Ендігіде Абай атанның қарасөздерін де мұқият оқытын бол, — деді жымия қарап. Мен сол сөзге ұяттан өртеніп кете жаздадым ба, әлде профессор ағаның сөзіне қуандым ба — есімде жоқ, әйтеуір далаға жүгіре шығыппын...

Дүйсенбек АЙБЕКОВ

«Абайдың 60 қарасөзі»



тұратын

боз өкпе шәкірт мен емес қой! — Ұлы ақын атамыз Абай Құнанбаев

керемет поэзиясымен бірге қазақ әдебиетінің тарихында қалатын тамаша қарасөздерімен де

ӨТІРІКТІҢ АРТЫ ЫР ТУТАМ

Алдыңмен алдағы



Тек елордалық таксистер емес, мәскеуліктер де шетелдік саяхатшыларды алдайды. 5 мыңның орнына 50 рубль алады. Алайда жүргізуші туристің өзі берді деп ойлап, тапқанын қалтасына салады. Кейін Чилиден келген журналист Диего Гаспар шағымданған. Ал жүргізуші болса, қонақтан кешірім сұрап, ақшасын қайтарып беруге уәде берді. Тіпті Мәскеуді тегін аралатамын депті. Дегенмен заң бөріне ортақ. Таксистке қатысты «Төлем жасау кезіндегі алаяқтық» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды.

БӨРЕКЕАД!

Іс-шара Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты хатшысы Қуатжан



Еліміздің Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау белсенділігін арттыру мақсатында журналистер күніне орай «Мемлекеттік тіл және БАҚ» атты республикалық конкурсының жеңімпаздарын саяланатты марапаттау рәсімін өткізді.

Жеңімпаздар марапатталды

Серікқазыұлының құттықтау сөзімен ашылды.

Журналистер күніне орай ұйымдастырылған іс-шара «Мемлекеттік тіл және БАҚ» конкурсының жеңімпаздарын марапаттаумен жалғасты.

Республикалық конкурса еліміздің өңірлерінен 100-ден аса материал келіп түскен. Конкурса мемлекеттік тілдің қызмет ету аясын кеңейту, мәртебесін нығайту және оның қазіргі ахуалы туралы өзекті материалдар жариялаған журналистер қатысты.

Сайыстың ережесіне сәйкес келіп түскен материалдар «Үздік мақала», «Үздік телебағдарлама», «Үздік радиобағдарлама», «Үздік сайт мақаласы» номинациялары бойынша 4 бағытта бағаланды.

Конкурс қорытындысы бойынша бас жүлдені облыстық «Жетісу» телеарнасының редакторы Меруерт

Әбітаева

иеленді.

«Үздік мақала»

номинациясы бойынша

1-орынды «Астана ақшамы» газетінің

тілшісі Гүлжан Рахманова, 2-орынды

«Егемен Қазақстан» республикалық газетінің

шолушысы Ғалым Омарханов, 3-орынды

Павлодар облыстық «Сарыарқа

самалы» газетінің

тілшісі



Назерке ЖҰМАБАЙ, журналист:

— Дұрысы — «Қыз Жібек» музыкалық драмасы сахналанды» немесе «Қыз Жібек» музыкалық драмасының премьерасы өтті» болар...

Премьера қалай сахналанады? Тақырып қойғанда абай болу керек қой, достар!

Бір емес, екі

емес. Осындай

«тақырып қойғыш

журналистер»

кебейіп барады. Ұлттың айнасы болып

отырған Ұлттық арна үшін ұяттау дүние

екен.



facebook

ЖАРАЙСЫН!

Жуырда Гонконг политехникалық университетінде жоғары оқу орындары арасында баскетболдан халықаралық турнир өтті. Ақтық сайыста Азияның 8 мемлекетінің үздік командасы доғаға түсті.



жұлдегері

Өз тобындағы алғашқы кездесуде Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрамасы Тайвань ұлттық ғылым және технология университетінен жеңіліс тапты. Дегенмен кезекті екі ойында Оңтүстік Қытай технологиялық университеті мен Макао университетінің

командаларынан басым түсіп, сеніммен жеңіске жетті.

Үшінші орын үшін таласқан матчта отандық оқу орнының құрамасы тартысты ойын көрсетіп, Наньян технологиялық университетінен алға шығып, қола жүлдені қанжығалады.

Нұржайна Шодыр жеңіп алса, «Үздік сайт мақаласы» номинациясы бойынша

1-орынды «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті ақпарат және спорт бөлімінің редакторы Қаншайым Байдәулет, 2-орынды «Қоғамдық келісім» РММ баспасөз қызметінің жетекші сарапшысы Камал Әлпейісова, 3-орынды «Үркер.кз» сайтының тілшісі Нұрлан Құмар иеленді.

Сондай-ақ «Үздік телебағдарлама» номинациясы бойынша

1-орынды «Қазақстан-Шымкент» телеарна журналисі Төребек Байтасов, 2-орынды «Қазақстан-Атырау» телеарна журналисі Шолпан Сисеналиева,

3-орынды «Хабар» агенттігі кешкі жаңалықтар қызметінің тілшісі Индира Жылқайдарова жеңіп алса, «Үздік радиобағдарлама» номинациясы бойынша «Халық» радиосы тілшісі Раушан Сыбанжанова, 2-орынды «Қазақ» радиосы тілшісі Жанат Жанұзақов, 3-орынды «Халық» радиосы тілшісі Гүлсім Кобжанова иеленді. Барлық жеңімпаздарға дипломдармен қатар ақшалай сыйлықтар берілді.

Дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп жүрген бұл іс-шара мемлекеттік тіл саясатын насихаттау белсенділігін арттырып, тиісінше тіліміздің дамуына септігін тигізетіні сөзсіз.

БАСПАСӨЗ – 2017

«Жас қазақ» газеті редакциясының мекен-жайы ауысты.

Редакцияның жаңа мекен-жайы – Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 51/53, 6-қабат

Телефондар: 8 (727) 279-09-23; 279-09-19; 279-04-99

jasqazaq.kz

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,29	297,93
3 айға	837,87	893,79
6 айға	1675,74	1787,58
12 айға	3351,48	3575,16

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия КАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен
қызметкерлер:

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ – Астана қаласындағы меншікті тілші

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ – арнаулы тілші

Макпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият

Әбдіманан КЕҢЕС – жастар және ғылым

Руслан ДОСТАЕВ – web-редактор

Комшат ТӨЛЕШОВА – теріміні

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-сайт

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қуаныш ТҮНҒАТАР – Алматы облысы (8 702 952 88 17)

Сабырбек ОЛЖАБАЙ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия pahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 279-09-23; 279-09-19

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-04-99 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс – №2120; Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.